**Ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

«Таушық ауылы әкімінің аппараты» ММ («Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу» ММ)

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

2026–2035 жылдарға арналған Қаратаушық-2 құрылыс тасы кенорнының объектілері үшін атмосфералық ауаға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері (РШН) жобасы.

*(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

***Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК***

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылдық округі, Таушық ауылы.

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылдық округі, Таушық ауылы.

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

ТОО "Толеш-Маңғыстау" Мекенжайы: 130000, Ақтау қ., 7-шағынаудан, "Евространой" кеңсесі, Телефон/факс: (7292) 51-60-65, БИН: 070740003150 (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

ИП «Пушинка» Алена Андреевна, Мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 5-шағынаудан, 21-үй, 52-пәтер, ЖСН/БСН: 850520400199 (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылдық округі, Таушық ауылы.
09/01/2026 16:00-де және ZOOM платформасында бейнеконференция форматында өткізілді https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtF%E2%80%A6
Конференция идентификаторы: 301 359 8896 кіру коды: Ys8Chm.

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда https://ndbecology.gov.kz/ 20/11/2025.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интербланет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу» ММ https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kk&ysclid=mbemhcv7kt641151115

(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Аққетік арайы» газеті № 48 (1324) 25 қараша 2025 ж.

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«Astana TV» телеарнасы, эфир анықтамасы №100, 24/11/2025 ж.

(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Маңғыстау облысы, Құрық ауылы әкімдігінің хабарландыру тақтасы.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Бір ауыздан қабылданды қолдаймын –19 адам, қарсымын –0 адам, қалыс қаламын-0 адам

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Бір ауыздан қабылданды қолдаймын –19 адам, қарсымын –0 адам, қалыс қаламын-0 адам

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Еширеева Светлана Рахмедовна, баяндама ұсынылмады, себебі қатысушылар оны тыңдаудан бас тартты.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Ескертулер мен ұсынымдар болды.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Нуржан Бактыбаевич таушық ауылы әкімі

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның

атауы, қолы, күні)

Қолы_ ___________ Күні: «13» Қаңтар 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы: Үмбет Айзада Бақбергенқызы

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның

атауы, қолы, күні)

Қолы_________________ Күні: «13» Қаңтар 2026 ж.

**1-қосымша**

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсынымдардың жиынтық кестесі**

**09.01.2026 ж.**

| р/с № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Шаудирбаев Габит: Щебень шыгарып жатырсыздар ғой, Карьер алып оны кайда тасымалдап жатырсыздар және не мақсатта қолданып жатырсыздар? | Миркаримов КалижанЕврострой деген мекеме бар,осы Маңғыстау облысында, Атырау облысында жұмыс жасап жатырмыз, қазіргі таңда 80-ге жуық мектеп, үй, балабақша, больницалар салып жатыр, яғни әлеуметтік ғимараттар құрылысына. Өзінің заводы бар БСУ жасайды, асфальт төсейтін жолдар. | Жауап алынды |
| 2 | Акмурзин Таңат: Жаратын кезде алдын ала айтып отырсаңыздар жақсы болатын еді. | Ахметов Б.: Ия, әрине алдын-ала хабарландыру береміз ғой, мәселен, 7 қаңтарда үлкен мөлшерде атып, кетеді айтқанмын болмайды жайлаңыздар деп, | Жауап алынды |
| 3 | Шаудирбаев Габит:<br>1.жасыл желек паркін салу<br>2.Таушық ауылы су жүйесімен келісім шарт жасау<br>3.Автоводовоз алу<br>4.Ауыл тұрғындарына отсепті, щебеньді әкімнің тәртібімен беру<br>5. жасыл желектерді суаруға 5 адам жұмысқа алу | Куншигарова Акбота: жасыл желек паркін салу, Таушық ауылы су жүйесімен келісім шарт жасау, Автоводовоз алу, Ауыл тұрғындарына отсепті, щебеньді әкімнің тәртібімен беру туралы ұсыныстарыңызды қабылдай аламыз, алайда 5 адамды өұмысқа алу мәселесі бойынша қабылдай алмаймыз. | Ұсыныс |
| 4 | Бір ауыздан тұрғындар:<br>«2026–2035 жылдарға арналған Қаратаушық-2 құрылыс тасы кенорнының объектілері үшін атмосфералық ауаға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері (РШН) жобасы»-на қарсылығымыз жоқ, алайда 10 жыл орнына 2 жылға рұқсат бергіміз келеді. | Куншигарова Акбота: Кабылданды, Рахмет | Ұсыныс |
| 5 | | | |
| 6 | | | |

2-қосымша

## Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы

**09.01.2026 ж.**

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Шаудырбаев | тұрғын | 87014272116 | жеке | |
| 2 | Жалиев Н | тұрғын | 87716563974 | жеке | |
| 3 | Жубасов. Ш | тұрғын | 87026364306 | жеке | |
| 4 | Утебаев. Б | тұрғын | 87014133962 | жеке | |
| 5 | Жарылхан | тұрғын | 87014226593 | жеке | |
| 6 | Өзбасар .Р. | тұрғын | 87027266111 | жеке | |
| 7 | Темибаев Н | тұрғын | 87056220389 | жеке | |
| 8 | Миркаримов.К. | Төлеш, Маңғыстау ГП, инженер. | 7,7[illegible]83620[illegible] | жеке | |
| 9 | Ахметов Т.М | ТОО "Промвзрыв" | 87016521362 | жеке | |
| 10 | Куликова Д.К. | директор | 87753221733 | жеке | |
| 11 | | ТОО „Толеш- | | | |
| 12 | | Мангыстау" | | | |
| 13 | Мухамов Ч. | ТОО „Толеш Мангыстау" | 87021477779 | жеке | |
| 14 | Азмарза | тұрғын | 87011363360 | жеке | |
| 15 | Айтуғали М | тұрғын | | жеке | |
| 16 | Радимбаев Н. | ауыл әкімі | 87013148810 | жеке | |
| 17 | Чибет А.Б. | | 87781790417 | жеке | |
| 18 | Базарбай С. | УПРиРП | 87781139897 | онлайн | |
| 19 | Пушина А.А. | эколог | 87755138403 | онлайн | |
| 20 | | | | | |
| 21 | | | | | |
| 22 | | | | | |
| 23 | | | | | |
| 24 | | | | | |
| 25 | | | | | |

Төлеш-Маңғыстау

РНН 430100252999
ИИК KZ79319N010000386155
БИН 070740003150 в АО «БТА» банк
БИК ABKZKZKX

130002, г Актау, 7 мкр., офис «Евространой»
тел/факс: (7292) 51-60-65
e-mail: doshpaeva@mail.ru

Исх.№ 2
от «05» 01 2026 г.

**Түпқараған ауданы,**
**Таушық ауылдық округі**
**Таушық ауылының әкімі**
**Н.Б. Бақтыбаев мырзаға**

*Қоғамдық тыңдауларды өткізуге қатысты*
*2026 жылғы 9 қаңтарда*

*Құрметті Нұржан Бақтыбайұлы!*

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сай, осы хат арқылы «Төлеш-Маңғыстау» ЖШС-ның «2026–2035 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАТАУШЫҚ-2 ҚҰРЫЛЫС ТАСЫ КЕНОРНЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ (РШН) ЖОБАСЫ» бойынша ашық жиналыс нысанында **2026 жылғы 9 қаңтарда, сағат 16:00-де**, мына мекенжай бойынша: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылдық округі, Таушық ауылы, Елмұханбет көшесі, 6, «Таушық ауылы әкімінің аппараты» ММ, сондай-ак бейнеконференция байланысы арқылы қоғамдық тыңдауларды өткізу ниеті туралы хабарлаймыз. («Zoom Video Communications» бағдарламасы)
https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578

Конференция идентификаторы: 301 359 8896,

Қол жеткізу коды: Ys8Chm

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні мен уақытын растауыңызды, сонымен бірге жоғарыда аталған іс-шараға қатысу үшін Таушық ауылы әкімдігінің атынан ресми өкіл жіберуіңізді сұраймыз.

**Директор** **Р.С. Утегенов**

*87755138403*

Регламент бойынша:
1. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу.
2. Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаулардың ашылуы. (5-10 мин)
3. Үмбет А. іс-шара жоспары бойынша қысқаша баяндамасы. (10 мин)
4. Ұсынылған іс-шара жоспарын талқылау. (15 мин)
5. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау. (5 мин)

По регламенту слушаний:
1. Регистрация участников общественных слушаний.
2. Открытие слушаний в согласованное время. (5-10 мин)
3. Краткое пояснение по плану мероприятий Үмбет А. (10 мин)
4. Обсуждение выносимого на слушания плана мероприятий. (15 мин)
5. Завершение общественных слушаний. (5 мин)

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25572047001, Дата: 20/11/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: Мангистауская область, Тупкараганский район, Таушыкский с.о., с.Таушык

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:
Предмет общественных слушаний: «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНОГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.»

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Таушыкский с.о., с.Таушык, 09/01/2026 16:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (3 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Аккетік арайы; Новое Телевидение ТОО «Продакшн студия «TIADA»

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

ГУ «Аппарат акима села Таушык»

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""ТӨЛЕШ-МАҢҒЫСТАУ"" (БИН: 070740003150), +7(701)-520-36-84, aigul09@bk.ru,

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25572047001, Дата: 21/11/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25572047001, от 20/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНОГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.» , в предлагаемую Вами 09/01/2026 16:00, Мангистауская область, Таушыкский с.о., с.Таушык(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""ТӨЛЕШ-МАҢҒЫСТАУ"" (БИН: 070740003150), +7(701)-520-36-84, aigul09@bk.ru,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК ПРОДАКШН СТУДИЯ «TIADA»**
13000 Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.,
2 шағын аудан, «Сұңқар» БО, 405 кеңсе
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
**tiada.kz@mail.ru**

**ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ ПРОДАКШН СТУДИЯ «TIADA»**
13000 Республика Казахстан, г Актау,
2 микрорайон, БЦ «Сункар» 405 офис
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
**tiada.kz@mail.ru**

исх. №100
от 24.11.2025 г

# ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящим, ТОО «Продакшн студия «TIADA» подтверждает, что 25 ноября 2025 года состоится размещение информационного материала на государственном и русском языках в эфире телеканала **"ASTANA TV"** г. Актау и Мангистауской области в рубрике **«БЕГУЩАЯ СТРОКА»** следующего содержания:

«Төлеш-Маңғыстау» ЖШС «2026–2035 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАТАУШЫҚ-2 ҚҰРЫЛЫС ТАСЫ КЕНОРНЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ (РШН) ЖОБАСЫ» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Учаскенің географиялық координаттары және Қарамандыбас-6 кенорнының әсер ету аумағының географиялық координаттары: 1.44o21'38.24'' с.е. 51o22'17.28''ш.б. 2.44o21'41.84''с.е. 51o22'21.54''ш.б.3. 44o21'25.40'' с.е. 51o22'45.24''ш.б.4. 44o21'21.26''с.е. 51o22'41.34''ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылғы 9 қаңтарда, сағат 16:00-де өтеді, Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық с.о., Таушық селосы, Елмұханбет көшесі, 6, «Таушық селосы әкімінің аппараты» ММ. Карантин режимі немесе төтенше жағдайлар болған жағдайда тыңдаулар ZOOM арқылы бейнеконференция форматында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтуіңіз қажет:
https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578
Конференция идентификаторы: 301 359 8896,
Қол жеткізу коды: Ys8Chm
Іс-шараның бастамашысы: «Төлеш-Маңғыстау» ЖШС, мекенжайы: 130000, Ақтау қ., 7 шағынаудан., "Евространой" офисі, Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403).
Жобаны әзірлеуші: ЖК Пушинка А.А., Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 19-үй, 121 пәтер, телефон: +7 (7755138403).
Құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ интернет-ресурсында орналастырылған.
Материалдарды сұратуға болатын электрондық поштаның мекенжайы мен телефо¬ны: alenin25@yandex.kz, телефон: +7 (7755138403).
Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат; тел.: +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, жауапты тұлға Базарбай Сабина.

ТОО «Толеш-Мангистау» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНОГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.». Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия Месторождения Карамандыбас-6: 1.44o21'38.24'' с.ш. 51o22'17.28''в.д. 2.44o21'41.84'' с.ш. 51o22'21.54''в.д.3. 44o21'25.40'' с.ш. 51o22'45.24''в.д.4. 44o21'21.26'' с.ш. 51o22'41.34''в.д.

Слушания состоятся: 9 января 2026 г. в 16:00 ч. Место проведения общественных слушаний: Мангистауской области, Тупкараганского района, Таушыкский с.о., с.Таушык, ул.Елмуханбет, 6, ГУ «Аппарат акима села Таушык», В случае карантинного режима или ЧП слушания будут проходить в формате видеоконференции посредством ZOOM. Для участия в общественных слушаниях необходимо перейти по ссылке:
https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578
Идентификатор конференции: 301 359 8896
Код доступа: Ys8Chm
Инициатор деятельности: ТОО "Толеш-Мангистау", адрес: 130000, г.Актау, 7 мкр., офис "Евространой", Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403)
Разработчик проекта: ИП Пушинка А.А., г. Актау, 14 мкр., 19 дом, 121 квр., тел. +7 (7755138403).
Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz/ и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/
Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно запросить материалы: alenin25@yandex.kz, тел. +7 (7755138403)
Замечания и предложения принимаются по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», г.Актау, 14 мкр, 1 здание; тел : +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, ответственное лицо Базарбай Сабина.

Директор ТОО «Продакшн студия «TIADA» Тилеуов Р.К.

ТҮПҚАРАҒАН АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Аққетік арайы

№48 (1324)
25 қараша 2025 жыл

Kaspi QR

Halyk QR

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады | Газет 1931 жылдың 5 тамызынан шыға бастады | e-mail: akketikaraii@mail.ru

МӘДЕНИЕТ

## ТАРАС ШЕВЧЕНКО көрмесі алматыда

7 ҚАРАША МЕН 7 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛЫҒЫНДА ҚР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНДЕ «ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ КОБЗАРЬ: ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫР ТОҒЫСЫ» АТТЫ КӨРМЕ АШЫЛДЫ.





Ашылу салтанатын 100 мыңға жуық Алматы тұрғындары мен қала қонақтары тамашалады. Көрмеге Түпқараған ауданының құрметті азаматы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Тілепов, ақын, журналист Болат Жетекбай, журналист, «Үш Қиян» баспасының директоры Махмұт Қостамбетов, журналист Бақытжан Қосбармақов, сценарист, режиссер Асия Байғожина, киіз үй жасаудың хас шебері Бақыт Бозжігітұлының қызы Бану Бозжігітова, академик Құрбан Аманиязовтың қызы Бақтығұл Аманиязова және Алматы қаласының этномәдени орталығының өкілдері арнайы келіп қатысты.

Көрермендер көрмеге қойылған Ұлы Кобзарьдың еңбектері мен суреттерін, сондай-ақ Т. Г. Шевченконың өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған материалдарды тамашалады.

Қала тұрғындары мен қонақтары Шевченконың Қазақстанда болған кезеңін бейнелейтін суреттерді үлкен қызығушылықпен көрді. Көрмеге Т. Г. Шевченконың Қазақстанда өзі салған көптеген туындылары қойылды. Атап айтқанда: «Қарабұтақ порты», «Жас қазақтың әні», «Өлгендерге бата оқу», «Маңғыстау бағы», «Новопетровск бекінісі» атты шығармалары.

Қазақ пен украин халықтарының достығы тереңде. Екі халық бір-бірінің салт-дәстүрін құрметтегендіктен, бұл достықтың тамыры мықты екені айқын.

Көрмеге келген қонақтар іс-шара туралы өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, қазақ халқының ақын есімін бүгінге дейін құрметпен сақтап келе жатқанына ризашылықтарын жеткізді. Бүгін ұсынылған көрме де соның бір дәлелі екенін атап өтті.

**Айгүл БАЛАБАЕВА,**
**Музей меңгерушісі.**

МЕЦЕНАТ

## Жомарт азаматтар МАРАПАТТАЛДЫ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖОМАРТ ЖАН» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫН МАРАПАТТАУ КЕШІ ӨТТІ.



Шараның негізгі мақсаты – қоғамда мейірімділік пен жанашырлық құндылықтарын кеңінен насихаттау, халықты, бизнес-құрылым өкілдерін, меценаттарды, үкіметтік емес ұйымдар мен еріктілерді ынталандыру, азаматтық белсенділіктің үздік тәжірибелерін тарату және қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру.

Ауданымыздың дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар бірнеше номинациялар бойынша марапатталды. «Жыл тұлғасы – 2025» номинациясының лауреаты – «Қаражанбасмұнай» АҚ бас директоры Сәрсенбай Нұрпейіс Мизанбайұлы. Ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, тұрақты өндірістік көрсеткіштері және әлеуметтік жобаларды қолдаудағы белсенділігі үшін марапатталды.

«Жыл меценанты – 2025» сыйлығы Түпқараған аудандық мәслихатының VIII шақырылым депутаты, «KAZ General Industrial Services» ЖШС-нің негізін қалаушы Тілепов Наурызбек Біләлұлына табысталды. Ол көп жылдан бері әлеуметтік аз қамтылған жандарға көрсеткен демеушілік қолдауы үшін ерекше аталды.

«Туған өлке – 2025» номинациясымен Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты, «Ай-ДиСтрой» ЖШС директоры, Маңғыстау облысы Дзюдо федерациясының вице-президенті Адеков Нұрлыбек Қыдырғалиұлы марапатталды. Оның туған өлкенің инфрақұрылымын дамытуға, спорт саласына қолдау көрсетуге және әлеуметтік бастамаларға қосқан үлесі айрықша бағаланды.

«Жылдың үздік қамқоршысы – 2025» номинациясы Түпқараған АПБ-ның қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы Балғабаев Қайрат Қалдыбайұлына берілді. Ол қоғамдық тәртіпті сақтау, халықпен тығыз жұмыс жүргізу және әлеуметтік әлсіз топтарға көрсеткен қамқорлығы үшін марапатталды.

Шара соңында қатысушылар қоғамның дамуына үлес қосып жүрген жомарт азаматтарға алғыс білдіріп, олардың еңбегі өскелең ұрпаққа үлгі болатынын атап өтті. «Жомарт жан» сыйлығы – ел ішінде ізгілік пен қайырымдылықты дәріптейтін маңызды бастама ретінде қоғамнан үлкен қолдау табуда.

**Ринат ЖЕМЕНЕЙ.**

?

ТҮПҚАРАҒАН ТҮБЕГІНІҢ АЯУЛЫ ҚЫЗЫ, НӘЗІК ЖҮРЕКТІ АҚЫН ЖҰМАГҮЛ МҰРСАЛДЫҢ «ӨЛЕҢ МЕНІҢ ЖАНЫМНЫҢ ЖАНАРТАУЫ» АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ КЕҢ АУҚЫМДА ӨТТІ. КЕШ АҚЫННЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ТУҒАН ЛИРИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚУМЕН БАСТАЛЫП, САЗДЫ ӘНДЕРМЕН ӘРЛЕНІП, КӨРЕРМЕНДЕРГЕ РУХАНИ СЕРПІЛІС СЫЙЛАДЫ.

## Поэзия мен руханият тоғысқан кеш



**Шарада аудан әкімінің орынбасары Өсер Тілепов:**

– Бүгінгі кеште аудан әкімі Ержан Күмісқалиевтің ыстық ықыласы мен жылы лебізін жеткізгім келеді. Сіз жүрегіңізге керемет поэзияны сыйғыза білген ақынсыз. Өлеңдеріңізді қадірлеген жерлестеріңіз ерекше рухани қазына алып, шабыттанды деп сенемін, – деді ол.

Жыр кешінде Маңғыстау поэзиясына жаңа леп әкелген ақын Жұмагүл Мұрсалдың шығармашылық жолы кеңінен таныстырылып, оның алғашқы «Ғашық болып қалмаңдаршы» атты жыр жинағының тұсаукесері өтті. Кітаптың лентасын кесу құрметі ақын, Түпқараған ауданының Құрметті азаматы Светқали Нұржанға және ақынның анасына ұсынылды. Жиналған жұртшылық жаңа кітапты жылы қабылдап, оны Маңғыстау поэзиясының қоржынына қосылған қомақты үлес ретінде бағалады.

Шығармашылық кеш ақынның рухани ізденісінің, ұлттық болмыс пен көркем сөзге шынайы адалдығының айқын көрінісі болды. Ақын жырына сусындаған жұртшылық кештен ерекше әсермен тарқасты.

Кеш барысында айтылған ақ тілектердің легі де мол болды.

– Өзіңізді Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ұлағатты ұстаз, нәзік жүректі ақын ретінде ерекше құрметтейміз. «Өлең — менің жанымның жанартауы» атты шығармашылық кешіңіз – поэзия әлеміндегі өнегелі жолыңыздың жарқын жемісі. Жаңа «Ғашық болып қалмаңдаршы!» атты жыр жинағыңыздың жарық көруімен шын жүректен құттықтаймыз. Қаламыңыз қуатты болып, әр өлеңіңіз оқырман жүрегіне жол таба берсін, – деп Бексұлтан Нұрмұханұлы ізгі лебізін білдірді.

**Ал ақын Тілеген Әли өз әсерімен бөлісіп:**

– Өлең – жүрегің мәңгі соқсын! Әсері бөлек, әдемі кештің куәсі болдық. Ақынын аялаған Аққетік жұртына, ел басқарып отырған азаматтарға, ұйымдастырушыларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – деді.

Жұмагүл Мұрсалдың шығармашылық кеші Түпқараған жұртшылығы үшін рухани мереке болды. Өлең оқылған, ән қанат қаққан, жүрек жалғаған бұл кеш ақынның шығармашылық биігінің жаңа белесі ретінде есте қалды.

**Ринат ТЕМІРХАН.**

ӨЗЕКТІ

ҚАЗІРГІ ЗАМАН — ТЕХНОЛОГИЯ ДӘУІРІ. БҮГІНГІ БАЛАНЫҢ ҚОЛЫНДА СМАРТФОН, АЛ МҰҒАЛІМНІҢ АЛДЫНДА АҚЫЛДЫ ТАҚТА МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БАР. БҰРЫН ТЕК ҚИЯЛ ӘЛЕМІНДЕ АЙТЫЛАТЫН «АҚЫЛДЫ МАШИНА» ЕНДІ БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДІҢ БІР БӨЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ. КОМПЬЮТЕР ЕНДІ ТЕК ЕСЕПТЕУ ҚҰРАЛЫ ЕМЕС — СӨЙЛЕЙДІ, КЕҢЕС БЕРЕДІ, ТІПТІ БАЛАҒА САБАҚ ТА ҮЙРЕТЕДІ.

# ЖИ ПЕДАГОГТІ АЛМАСТЫРА АЛА МА?



Қазіргі заманда технология қарқынды дамып, білім беру саласына да түбегейлі өзгерістер әкелуде. Сол өзгерістердің ең бастысы — жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің пайда болуы. ChatGPT, Google Gemini, Khanmigo, Sokrat және басқа да білім беру жүйелерінде қолданылатын интеллектуалды платформалар мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға үлкен көмек көрсетуде.

Дегенмен, осындай керемет мүмкіндіктердің ортасында маңызды сұрақ туындайды: Жасанды интеллект арнайы педагогтің орнын баса ала ма? Бұл сұрақ тек технологияның емес, адамгершіліктің де сынағы іспетті.

Арнайы педагог — ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын маман. Олар есту, көру, сөйлеу, зейін, ойлау, эмоциялық-еріктік дамуында ауытқуы бар балаларға көмек көрсетеді. Арнайы педагог баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру ортасын құрады, сенім ұялатады, жүректің жылылығын береді. Ол тек сабақ бермейді, балаға сенім ұялатады, оның алғашқы жетістіктерін бірге тойлайды.

Мұндай нәзік қарым-қатынас пен эмоционалды қолдауды ешбір алгоритм орындай алмайды. Эмоциясыз білім — жартылай білім ғана.

ЖИ — қарсылас емес, көмекші. Ол баланың оқу қарқынын өлшей алады, сөйлеу дағдысын талдайды, тапсырманы жеке бейімдейді. Мысалы, логопедке арналған бағдарлама баланың айтқан сөзін тыңдап, қателерді автоматты түрде анықтап, түзету жаттығуларын ұсына алады. Бұл педагогтың жұмысын жеңілдететін тамаша құрал.

ЖИ білім береді, бірақ тәрбие бере алмайды. Ал арнайы педагогикада білім мен тәрбие егіз ұғым. Әр дыбыс, әр сурет, әр қимыл — баланың дамуы үшін маңызды. Мұнда машина емес, адамның жылылығы қажет.

ЖИ мен адамның негізгі айырмашылығы — эмпатия мен эмоциялық интеллектте. ЖИ мәліметті талдай алады, бірақ «сезіне» алмайды, баламен психологиялық байланыс орната алмайды. Ал арнайы педагог мотивация береді, эмоционалды қолдау көрсетеді, жеке қарым-қатынас орнатады.

ЖИ арнайы педагогтың жұмысын тиімді етуге зор үлес қосады:

• Диагностикалық құралдар арқылы даму деңгейін анықтау
• Жеке оқу траекторияларын жасау
• Әкімшілік жұмыстарды жеңілдету
• Оқу материалдарын визуализациялау
• Онлайн қолдау және жаттығулар генерациялау

Болашақта ең тиімді модель — «адам мен жасанды интеллекттің бірлескен еңбегі». ЖИ тапсырма ұсынады, педагог — қолдау көрсетеді. ЖИ қатесін түзетеді, педагог — өзіне сенім ұялатады. Ақыл мен жүрек бірге жұмыс істегенде ғана білімнің шынайы мәні ашылады.

Жасанды интеллект — білім беру саласындағы революциялық жетістік. Ол арнайы педагогтың жұмысын жеңілдетіп, сапасын арттыра алады. Бірақ адамның жылы жүрегі, мейірімі мен эмпатиясын ешбір машина алмастыра алмайды. Арнайы педагог — жай маман емес, ол баланың өмірін өзгертетін адам. ЖИ оған серік бола алады, бірақ орнын баса алмайды.

**Милана ЕЛЕУСІНОВА.**

МІНБЕР

# ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕРДІҢ МІНДЕТІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР. ОСЫ КҮРДЕЛІ ДЕ ҚАДІРЛІ МІНДЕТТІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП, ТУҒАН ЖЕРІНІҢ ӨРКЕНДЕУІ ЖОЛЫНДА ТАБАНДЫЛЫҚПЕН ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАРДЫҢ БІРІ – САЙЫН ШАПАҒАТОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ЖӘНІБЕК БАҚЫТЖАНҰЛЫ. ОЛ ӨЗ ЕҢБЕГІ АРҚЫЛЫ ЕЛ СЕНІМІН АҚТАП, ТУҒАН АУЫЛЫНЫҢ ӨСУІНЕ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕДІ.



Жәнібек Асанов 1990 жылы Сайын Шапағатов ауылында дүниеге келген. Ауылда балалық шағы өтеді, білім нәрімен сусындайды. 2008 жылы Ақшұқыр ауылындағы Маршал Әбдіхалықов атындағы орта мектепті аяқтап, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің көлік, көліктік техника және технология мамандығына оқуға түседі. Өңірдің бас оқу ордасында жоғары білім алып, оқуға сүйіспеншілігі, еңбекке құштарлығы оянады.

Еңбек жолын 2011 жылы Ақтау халықаралық әуежайда перрон жұмысшысы қызметінен бастайды. Кейін 2014–2016 жылдар аралығында «Кезби» ЖШС-де бұрғышы көмекшісі болып еңбек етеді. Ал 2016 жылдың сәуір айынан бастап Мұнайлы ауданының Дәулет ауылдық округі әкімінің аппаратында заңгер, кадр және арыз-шағымдар мәселелері жөніндегі бас маман қызметіне орналасады. Осылайша Жәнібек Асанов мемлекеттік қызметке қадам басады.

2021 жылы сол ауылда әкімнің орынбасары, 2022–2023 жылдары Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің орынбасары болып еңбек етті. 2023–2024 жылдары Түпқараған аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімін басқарды. 2024 жылдан бері туған жері Сайын Шапағатов ауылдық округінің әкімі қызметін абыроймен атқарып келеді.

– Мемлекеттік қызмет үлкен жауапкершілікті, зор біліктілікті және үздіксіз ізденісті талап етеді. Бұл жай ғана жұмыс емес, бұл – халық сенімін арқалап, ел мүддесіне еңбек ету. Әр шешімің үшін жауап бересің, сондықтан үнемі ізденіп, дамып отыру қажет. Ауыл әкімі болу – үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет. Елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың әл-ауқаты әкімнің іскерлігі мен жоспарлы жұмысына байланысты. Ауыл әкімінің басты міндеті – өзі сайланған елді мекен тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және одан әрі дамуына жоспарлы түрде нақты қадамдар жасай алу, – дейді Жәнібек Бақытжанұлы.

Бүгінде Сайын Шапағатов ауылдық округі облыс орталығына жақын орналасқандықтан, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі Ақтау қаласымен тығыз байланысты. Елді мекен көше жарығымен және газбен толық, орталықтандырылған су жүйесімен 80 пайыз, ауылішілік асфальт жолдармен 50 пайыз қамтылған. Ауылдық округте 4 мектеп, 9 балабақша, 2 медициналық пункт, кітапхана, 500 орындық мәдениет үйі, өнер мектебі және аналарды қолдау орталығы үздіксіз жұмыс істеп тұр. Ағымдағы жылы өндіріс мекемелерінің демеушілігімен 1200 орындық жаңа мектеп пайдалануға беріліп, үш ауысымда оқу мәселесі шешілді. Сонымен қатар жеке инвестиция есебінен 140 орындық спорт кешені салынып, пайдалануға берілуде.

– Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында 4 кооператив құрылып, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қаржыландыруға ұсынылды. Географиялық артықшылығына сәйкес, туризм саласын дамыту бағытында да бірнеше жобалар қолға алынуда. Сондай-ақ ауыл халқының сұранысы негізінде 160 орындық спорт кешені мен жаңа амбулатория салу және ауылішілік жолдарды жөндеу бойынша жобалық сметалық құжаттар дайындалып, қаржыландыруға ұсынылды», – деп атап өтті ауыл әкімі.

Жәнібек Асановтың ойынша, мемлекеттік қызметкердің бойында жауапкершілік, ізденімпаздық және ұстанымдылық қасиеттері болғаны маңызды. Адал еңбек қана зор жемісті жетістіктерге, биік белестерге жол ашады. Осыны білген Жәнібек Бақытжанұлы туған ауылының гүлденуі, өркендеуі үшін аянбай еңбек етуде.

– «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен «Үздік ауыл» байқауында ірі елді мекендер арасында Сайын Шапағатов ауылдық округі II орынды иеленді. Аталған сайыста ауылдық округтың санитарлық тазалығы, абаттандыру мен көгалдандырылуы, әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылыммен қамтылуына және тұрғындардың елді мекеннің дамуына атсалысуына мән берілді. Бұл жетістік – ауыл халқының бірлігі мен әкімдіктің үйлесімді жұмысының нәтижесі десем артық айтпаймын. Туған ауылымда әкім болып, оның гүлденуіне үлес қосу – зор бақыт әрі үлкен жауапкершілік. Өзімнің білімімді, тәжірибемді және күш-жігерімді туған жерімнің, сүйікті ауылының өркендеуіне арнауды мақсат тұттым, – деп түйіндеді сөзін әкім.

**Ханым ҚУАТ.**

МӘМС

# Емханаға жүгінгенде *НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?*




«МЕН ЕМХАНАҒА БАРМАЙМЫН ЖӘНЕ МӘМС-ТІ ПАЙДАЛАНБАЙМЫН», «УЧАСКЕМДІ ДЕ, ДӘРІГЕРІМДІ ДЕ БІЛМЕЙМІН, ОЛАР МЕНІ ІЗДЕМЕЙДІ». ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, КЕЙБІР АЗАМАТТАРДАН ОСЫНДАЙ ПІКІРЛЕРДІ ЕСТІП ЖАТАМЫЗ. ЕНДІ БІРЕУЛЕР ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ АЛУ ҚИЫН, ОҒАН КӨП УАҚЫТ ПЕН КҮШ КЕТЕДІ ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ. ОСЫҒАН ОРАЙ, ЕМХАНАҒА НЕ ҮШІН БАРУ КЕРЕК ЖӘНЕ МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАТЫНЫН ЗЕРТТЕП КӨРДІК.

Емханада тіркелген азаматтарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК/МСАК) көрсетіледі. Бұл – медициналық көмектің базалық деңгейі. МСАК тіркелген тұрғындарды есепке алып, профилактикалық тексерулер жүргізеді, флюорографияға шақырады. Ауруларды ерте анықтауға, созылмалы науқастардың жағдайын бақылауға, асқынулардың және шұғыл госпитализацияның алдын алуға, жалпы халық денсаулығын бақылауда ұстауға көмектеседі.

Сайып келгенде, МСАК – бұл сіздің учаскелік дәрігеріңіз және тіркелген емханаңыз. Алғашқы шағымдар, профилактикалық тексерулер немесе бақылау қажет болған жағдайда азамат дәл осы жерге жүгінеді. Сондықтан қай емханаға тіркелгеніңізді және сіздің дәрігеріңіздің кім екенін білу өте маңызды.

**Учаскелік дәрігерге бару үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылу міндетті ме?**

Жоқ. Пациенттер учаскелік терапевтке немесе жалпы практика дәрігеріне «сақтандырылған» мәртебесіне қарамастан бара алады. Бірақ МӘМС пакетіне кіретін бейінді мамандардың кеңесі немесе қосымша қызметтер қажет болған жағдайда «сақтандырылған» мәртебесі қажет.

**Бейінді мамандарға жазылу үшін неге алдымен терапевтке бару керек?**

Бейінді мамандарға жазылу терапевт арқылы жүргізіледі. Себебі ол бастапқы тексеру жүргізіп, алдын ала диагноз қояды және ары қарай тексерудің қажеттілігін анықтайды. Қай маманға жолдама беру керектігін шешетін де – осы дәрігер. Бұл өздігінен емделудің алдын алып, негізсіз жүгінулерді азайтады және мамандардың жұмысын оңтайландырады. Осылайша, бейінді мамандар көмегіне шын мұқтаж жандарға көп уақыт бөле алады.

**Анализдер мен диагностикаға жолдаманы қалай алады?**

Барлық зертханалық және диагностикалық қызметтер емдеуші дәрігердің тағайындауы бойынша көрсетіледі. Дәрігер пациенттің жағдайын, шағымдарын бағалай отырып, қажетті зерттеулерге жолдама береді. МӘМС аясында қызмет алу үшін «сақтандырылған» мәртебесі болуы шарт.

Талдаулар мен зерттеулерге жолдаманы тіркелген жердегі дәрігерден алуға болады. Әдетте бұл – терапевт немесе жалпы практик дәрігері.

**Жеке клиникада МӘМС есебінен операция жасауға болатыны рас па? Жолдаманы қалай алуға болады?**

Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері пациенттің жағдайына қарай әртүрлі болады. Оған жедел ауырсынулар, созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар немесе стационарлық бақылауды қажет ететін өзге жағдайлар жатады (ҚР ДСМ 2022 жылғы 24 наурыздағы №ҚР ДСМ-27 бұйрығы).

**Ауруханаға жату үшін не істеу керек?**

• Тіркелген емханадағы дәрігерге жүгіну;
• Қажетті бастапқы тексерулерден өту;
• Көрсеткіштер болса, ауруханаға жолдама алу (медициналық ұйымды дәрігермен бірге таңдауға болады);
• Ауруханаға жату талонын алу. Талон арқылы «Емдеуге жатқызу бюросы» сайтынан өз кезегіңізді бақылауға болады.

Жоғары технологиялық медициналық көмек (ЖТМК) қажет болған жағдайда құжаттарды тіркелген медициналық ұйым ЖТМК жөніндегі комиссияға жолдайды. Комиссия пациентті тиісті медициналық ұйымға жіберу туралы шешім қабылдайды.

ТМККК тізбесіне кірмейтін арнайы медициналық көмек МӘМС жүйесі аясында немесе ақылы негізде көрсетіледі.

**Жолдама беруден бас тартса не істеу керек?**

Егер пациенттің көрсеткіштері бола тұра дәрігер жолдама бермесе немесе қызмет көрсетуден бас тартса, емханалар мен ауруханалардағы Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгінуге болады. Бұл қызмет мәселелерді жылдам шешуді көздейді.

**МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесін тексеру жолдары:**

1. Қор сайты – msqory.kz
2. Telegram-бот – @SaqtandyryBot
3. Kaspi, Halyk, Freedom, BCC, Bereke, HomeCredit, Еуразиялық банк, Damumed мобильді қосымшалары

**МӘМС жарналары мен медициналық көмек сапасына қатысты сұрақтар бойынша:**

1. Қор сайты – msqory.kz
2. Telegram-бот – @SaqtandyryBot

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облысы бойынша филиалы.**

*ЖОБА*

# ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН ОЛАРДЫ АЛУШЫЛАР САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 мамырда № 36186 болып тіркелді) сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түпқараған ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Түпқараған ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы** **Аты-жөні**

---

**Шешіміне 1 қосымша**

## Түпқараған ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10%, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10%, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

**Шешіміне 2-қосымша**

### Түпқараған ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі

| № | Атауы |
|---|---|
| 1 | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер |
| 2 | Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері |
| 3 | Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар |
| 4 | Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар |
| 5 | Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар |
| 6 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7 | Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады |
| 8 | Қандастар |
| 9 | Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар |
| 10 | «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар |
| 11 | Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары |
| 12 | Толық емес отбасылар |
| 13 | Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) |
| 14 | Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы №161 бұйрығымен бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есепке алумен, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы және өзге де салаларындағы бюджеттік ұйымдарының қажетті мамандары |

*ПРОЕКТ*

# ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ РАЗМЕРА И ПЕРЕЧНЯ КАТЕГОРИЙ ПОЛУЧАТЕЛЕЙ ЖИЛИЩНЫХ СЕРТИФИКАТОВ ПО ТУПКАРАГАНСКОМУ РАЙОНУ

В соответствии с пунктом 2 статьи 14-1 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», приказом Министра промышленности и строительства Республики Казахстан от 30 мая 2025 года № 187 «Об утверждении правил реализации мер государственной поддержки, направленных на улучшение жилищных условий» (Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан № 36186), Тупкараганский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Определить размер жилищных сертификатов по Тупкараганскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Определить перечень категорий получателей жилищных сертификатов по Тупкараганскому району согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Должность** **ФИО**

---

**Приложение 1 к решению**

## Размер жилищных сертификатов по Тупкараганскому району

1. 10 % от суммы займа, но не более 1 500 000 (один миллион пятьсот тысяч) тенге в виде социальной помощи.

2. 10% от суммы займа, но не более 1 500 000 (один миллион пятьсот тысяч) тенге в виде социальной поддержки.

**Приложение 2 к решению**

### Перечень категорий получателей жилищных сертификатов Тупқараганскому району

| № | Наименование |
|---|---|
| 1 | Ветераны, приравненные по льготам к ветеранам Великой Отечественной войны |
| 2 | Ветераны боевых действий на территории других государств |
| 3 | Лица с инвалидностью первой и второй групп |
| 4 | Семьи, имеющие или воспитывающие детей с инвалидностью |
| 5 | Лица, страдающие тяжелыми формами некоторых хронических заболеваний, перечисленных в списке заболеваний, утверждаемом уполномоченным органом в области здравоохранения |
| 6 | Пенсионеры по возрасту |
| 7 | Дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие двадцати девяти лет, потерявшие родителей до совершеннолетия. При призыве таких лиц на воинскую службу возраст продлевается на срок прохождения срочной воинской службы |
| 8 | Кандасы |
| 9 | Лица, лишившиеся жилища в результате экологических бедствий, чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера |
| 10 | Многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени, многодетные семьи |
| 11 | Семьи лиц, погибших (умерших) при исполнении государственных или общественных обязанностей, воинской службы, при подготовке или осуществлении полета в космическое пространство, при спасании человеческой жизни, при охране правопорядка |
| 12 | Неполные семьи |
| 13 | Вдовы (вдовцы), имеющие на иждивении несовершеннолетних детей и детей, обучающихся по общеобразовательным или профессиональным программам в организациях общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, высшего, послевузовского образования по очной форме обучения, но не более чем до достижения двадцатитрехлетнего возраста |
| 14 | Востребованные специалисты бюджетных организаций в отрасли здравоохранения, образования, культуры, спорта и иных отраслей на основе анализа статистических наблюдений по статистике труда и занятости, а также с учетом прогноза трудовых ресурсов, формируемых согласно Правилам формирования национальной системы прогнозирования трудовых ресурсов и использования ее результатов, утвержденным приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 20 мая 2023 года № 161 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 32546) |

*№506*

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАСТЫ ТАЛАП

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – ЕЛІМІЗДІҢ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ ҮЛКЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚАСІРЕТ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН БҰЛ ҚҰБЫЛЫС САЯСИ ДАМУ ТҰРҒЫСЫНАН БІР-БІРІНЕ ҰҚСАМАЙТЫН ӘЛЕМДЕГІ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІ ҚАТТЫ АЛАҢДАТАТЫНЫ АЙҚЫН.

Әрбір қоғам дамуының күнгейімен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік ахуалын жақсартуды, экономиканы жоғары деңгейге көтеруді, халқымыздың демографиялық өсімін арттыруды көздеген шаралар жүзеге асырылып жатқан кезеңде, алға жылжыған қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңындағы басты мақсат – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың жолын кесу және әшкерелеу. Осы заңда мемлекеттік міндет атқаратын және оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігі мен мүмкіндіктерін пайдаланып пайда табуы сыбайлас жемқорлық деп анықталған.

Экономикалық және қоғамдық негіздерді жаңғыртып, түбегейлі өзгертулер жүргізу кезеңінде сыбайлас жемқорлық қоғамға қауіп төндіретін деңгейге көтеріледі. Мұндай уақыттарда жемқорлықтың үдеуіне себеп болатын жағдайлар – экономиканың құлдырауы, азаматтық қоғамның билікке тәуелділігі, мемлекеттік институттардың тиімсіздігі, заңнамалардың пәрменсіздігі тереңдей түседі. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу үшін оны тудыратын әлеуметтік-экономикалық себептерді азайту қажет. Бұл ретте жемқорлыққа қарсы әрекет тек оның көріністерімен күрес жүргізумен шектелмейтінін түсіну маңызды. Мұндай күрес қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласын реттеумен тығыз байланысты.

Бұл бағыттағы ең тиімді қадам – қолайлы саяси орта қалыптастыру. Ол қоғамға шынайы сөз бостандығын қамтамасыз етуді, биліктің ашықтығы мен адал болуын талап етеді. Сонымен бірге мемлекет пен шенеуніктердің қызметін заң жүзінде нақты айқындау, шешім қабылдау процесінің жекелеген адамдардың еркіне тәуелді болу мүмкіндігін азайту қажет. Басқаша айтқанда, заңнамалардың түсінікті, қарапайым және тұрақты болуы, азаматтық қоғамды қалыптастыруға жағдай жасау, халықтың, әсіресе құқықтық сауаттылығын арттыру маңызды.




Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке-дара жүргізу мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуға барлық мемлекеттік мекемелер бірдей атсалысуы тиіс.

**Амантай САХАРБАЕВ,**
**аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.**

МӘДЕНИЕТ

# Шабыттың шарықтаған шалқар шағы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, ДӘСТҮРЛІ ӘНШІ, КҮЙШІ, ПЕДАГОГ РУХИЯ БАТЫРШИЕВАНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН «ШАБЫТТЫҢ ШАРЫҚТАҒАН ШАЛҚАР ШАҒЫ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ.







Кеш барысында мерейтой иесінің өнердегі жолын айшықтайтын бейнефильм көрсетіліп, көпшілік оның ұлттық мәдениетке сіңірген өлшеусіз еңбегімен жақынырақ танысты. Рухия Махмудқызының орындауындағы сырлы әндер мен шертпе күйлер көрерменді рухани байытып, ерекше әсерге бөледі. Сахна төрінде шәкірттері мен өнер иелері ән-жырдан шашу шашты.

Мерекелік шарада аудан әкімінің орынбасары Өсер Тілепов мерейтой иесін құттықтады.

«Бүгінгі кеште аудан әкімі Ержан Күмісқалиевтің ыстық ықыласы мен жылы лебізін жеткізгім келеді. Қазақтың әншілік дәстүрін жалғастырып, бүгінге жеткізушілердің бірі — өзіңізсіз. Қазақтай талантты халқыңыздың құрметіне бөлене беріңіз! Өнер жолы — қиын да қасиетті жол. Осы жылдар ішінде сіз ән мен күйдің, дәстүр мен рухтың туын биік ұстап келесіз. Бүгінгі кеш — сол еңбектің мерекесі. 50 жылдық шығармашылық жол — үлкен еңбек пен табандылықтың нәтижесі. Сізге зор денсаулық, таусылмас шабыт, ұзақ ғұмыр тілейміз, - деді Өсер Тілепов.

Өнерде өзіндік қайталанбас өрнегін салып, халықтың ақ батасын алған Рухия Махмудқызының иығына шапан жауып, құрмет көрсетілді.

Бұл мерекелік шара — Рухия Махмудқызының өңір мәдениетіне қосқан үлесінің, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігінің және шәкірттері мен жанкүйерлерінің ыстық ықыласының жарқын көрінісі болды.

**Ринат ТЕМІРХАН.**

САҚТАН

# ӨРТ ШЫҚСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

ӨРТ – КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН ТЕЗ ТАРАЛЫП, АДАМ ӨМІРІНЕ, ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ МҮЛІККЕ ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН АСА ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙ. СОНДЫҚТАН ӘР АЗАМАТ ӨРТ КЕЗІНДЕ ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ЕТУДІ БІЛУІ КЕРЕК.

Егер өрт шықса, ең алдымен дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлау қажет. Операторға өрттің нақты мекенжайын, орнын, көлемін және зардап шеккендердің бар-жоғын анық айтып жеткізу маңызды. Осыдан кейін адамдарды қауіпсіз жерге шығару – бірінші кезектегі міндет. Балалар мен қарт адамдарды алдымен шығарыңыз. Есікті ашпас бұрын оның сыртында қызу бар-жоғын қолмен тексеріңіз. Түтіннен қорғану үшін ауыз-мұрынды дымқыл мата немесе орамалмен жабу ұсынылады.

Өрт көлемі аз және өз өміріңізге қауіп төнбесе, оны сөндіруге де тырысуға болады. Өрт сөндіргішті пайдаланып, электр құрылғыларын тоқтан ажыратып, су қолдануға болмайтын жағдайларды (электр сымдары, май жануы) ескеру қажет. Эвакуация кезінде лифт пайдалануға болмайды – тек баспалдақпен жүру керек. Егер түтінде қалсаңыз, еңкейіп немесе еңбектеп қозғалу қауіпсіз, өйткені түтін жоғарыға жиналып, төменде ауа салыстырмалы түрде таза болады.

Құтқарушылар келгенде олардың нұсқауын мұқият орындау маңызды. Артық сұрақ қойып, жұмысына кедергі келтірмеген жөн. Өрт кезінде жылдам, дұрыс әрекет ету – өз өміріңізді және жақындарыңызды сақтаудың басты шарты.

# Балаларды қараусыз ҚАЛДЫРМА

БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАУ – ӘРБІР АТА-АНАНЫҢ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ МІНДЕТІ.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – мемлекет пен қоғамның, сондай-ақ әрбір ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Соңғы уақытта балалардың қараусыз қалуы салдарынан түрлі оқыс оқиғалардың жиілеуі бұл мәселенің өзектілігін арттыра түсуде.

Баланың қараусыз қалуы оның өміріне тікелей қауіп төндіреді. Үйде ересектердің бақылауынсыз қалған балалар электр және газ құрылғыларын дұрыс пайдаланбауы, ашық терезеден немесе балконнан құлап кетуі, су айдындарында шомылу кезінде қайғылы жағдайларға ұшырауы мүмкін. Мұндай оқиғалар ата-аналар мен қамқоршылардың жауапкершілігінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Осыған байланысты ата-аналар мен заңды өкілдерге төмендегі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау ұсынылады:

• Балаларды үйде немесе аулада қараусыз қалдырмау;

• Электр, газ және тұрмыстық құрылғыларды қолдану ережелерін түсіндіру;

• Терезелерге арнайы қауіпсіздік торларын орнату;

• Су айдындары, жол бойы және қоғамдық орындарда балалардың жүріс-тұрысын бақылау;

• Балалармен үнемі түсіндіру және профилактикалық әңгімелер жүргізу.

Білім беру ұйымдары мен жергілікті атқарушы органдар да балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуі қажет. Баланың өмірі мен денсаулығын сақтау – тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ борышы. Әрбір ата-ана өз баласының қауіпсіздігіне жауапты екенін ұмытпауы тиіс.

**М. ТЕҢЕЛБАЕВ,**
**аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, лейтенант.**


# ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Төлеш-Маңғыстау» ЖШС «2026–2035 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАТАУШЫҚ-2 ҚҰРЫЛЫС ТАСЫ КЕНОРНЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ (РШН) ЖОБАСЫ» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Учаскенің географиялық координаттары және Қарамандыбас-6 кенорнының әсер ету аумағының географиялық координаттары: 1.44o21'38.24" с.е. 51o22'17.28"ш.б. 2.44o21'41.84"с.е. 51o22'21.54"ш.б.3. 44o21'25.40" с.е. 51o22'45.24"ш.б.4. 44o21'21.26"с.е. 51o22'41.34"ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылғы 9 қаңтарда, сағат 16:00-де өтеді, Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық с.о., Таушық селосы, Елмұханбет көшесі, 6, «Таушық селосы әкімінің аппараты» ММ. Карантин режимі немесе төтенше жағдайлар болған жағдайда тыңдаулар ZOOM арқылы бейнеконференция форматында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтуіңіз қажет:

https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578

Конференция идентификаторы: 301 359 8896,

Қол жеткізу коды: Ys8Chm

Іс-шараның бастамашысы: «Төлеш-Маңғыстау» ЖШС, мекенжайы: 130000, Ақтау қ., 7 шағынаудан., «Евpострой» офисі, Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403).

Жобаны әзірлеуші: ЖК Пушинка А.А., Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 19-үй, 121 пәтер, телефон: +7 (7755138403).

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық поштаның мекенжайы мен телефо¬ны: alenin25@yandex.kz, телефон: +7 (7755138403).

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат; тел.: +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, жауапты тұлға Базарбай Сабина.

# ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Толеш-Мангистау» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНОГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.». Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия Месторождения Карамандыбас-6: 1.44o21'38.24" с.ш. 51o22'17.28"в.д. 2.44o21'41.84" с.ш. 51o22'21.54"в.д.3. 44o21'25.40"с.ш. 51o22'45.24"в.д.4. 44o21'21.26" с.ш. 51o22'41.34"в.д.

Слушания состоятся: 9 января 2026 г. в 16:00 ч. Место проведения общественных слушаний: Мангистауской области, Тупкараганского района, Таушыкский с.о., с.Таушык, ул.Елмухамбет, 6, ГУ «Аппарат акима села Таушык», В случае карантинного режима или ЧП слушания будут проходить в формате видеоконференции посредством ZOOM. Для участия в общественных слушаниях необходимо перейти по ссылке:

https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578

Идентификатор конференции: 301 359 8896

Код доступа: Ys8Chm

Инициатор деятельности: ТОО «Толеш-Мангистау», адрес: 130000, г.Актау, 7 мкр., офис «Еврострой», Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403)

Разработчик проекта: ИП Пушинка А.А., г. Актау, 14 мкр., 19 дом, 121 квр., тел. +7 (7755138403).

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz/ и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/

Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно запросить материалы: alenin25@yandex.kz, тел. +7 (7755138403)

Замечания и предложения принимаются по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», г.Актау, 14 мкр, 1 здание; тел : +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, ответственное лицо Базарбай Сабина.

№502



Құрметті оқырмандар!

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады.
87781459093. 8(7292)204842.
8(7292)204834.
pr@ogni.kz



Меншік иесі:
MAŃǴYSTAÝ MEDIA
Директор
Ануарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

Ақкетік арайы
аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп, №13362-Г куәлігі берілген.

Редактор – Милана ЕЛЕУСІНОВА.
Тілші – Ринат ТЕМІРХАНОВ.

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді
Жетекші – Гүлнара ТАСБОЛАТОВА
Беттеуші дизайнер – А.Рабаева

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 328. Индекс: 65809.
Тапсырыс нөмірі: 1398
Газеттің бағасы келісімді


АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

| Күні | Түнде | Күндіз |
|---|---|---|
| 25 қараша | түнде: +11 | күндіз: +14 |
| 26 қараша | түнде: +8 | күндіз: +10 |
| 27 қараша | түнде: +12 | күндіз: +15 |
| 28 қараша | үнде: +6 | күндіз: +9 |
| 29 қараша | үнде: +6 | күндіз: +9 |



CMYK



АҚПАРАТТЫҚ ТАҚТА
ЖЕМҚОРЛЫҚ ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛАДЫ?
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қарастырылған
15 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ
Акимат с.Таушык
16:00 ч.
24.11.2025 г.

**«Төлеш-Маңғыстау» ЖШС** «2026–2035 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАТАУШЫҚ-2 ҚҰРЫЛЫС ТАСЫ КЕНОРНЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ (РШН) ЖОБАСЫ» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Учаскенің географиялық координаттары және Қарамандыбас-6 кенорнының әсер ету аумағының географиялық координаттары: 1.44o21'38.24'' с.е. 51o22'17.28''ш.б. 2.44o21'41.84''с.е. 51o22'21.54''ш.б.3. 44o21'25.40'' с.е. 51o22'45.24''ш.б.4. 44o21'21.26''с.е. 51o22'41.34''ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: **2026 жылғы 9 қаңтарда, сағат 16:00-де** өтеді, Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық с.о., Таушық селосы, Елмұханбет көшесі, 6, «Таушық селосы әкімінің аппараты» ММ. Карантин режимі немесе төтенше жағдайлар болған жағдайда тыңдаулар ZOOM арқылы бейнеконференция форматында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтуіңіз қажет:

https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578

Конференция идентификаторы: 301 359 8896,

Қол жеткізу коды: Ys8Chm

Іс-шараның бастамашысы: «Төлеш-Маңғыстау» ЖШС, мекенжайы: 130000, Ақтау қ., 7 шағынаудан., "Евространой" офисі, Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403).

Жобаны әзірлеуші: ЖК Пушинка А.А., Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 19-үй, 121 пәтер, телефон: +7 (7755138403).

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық поштаның мекенжайы мен телефоны: alenin25@yandex.kz, телефон: +7 (7755138403).

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат; тел.: +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, жауапты тұлға Базарбай Сабина.

**ТОО «Толеш-Мангистау»** уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНОГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.». Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия Месторождения Карамандыбас-6: 1.44o21'38.24'' с.ш. 51o22'17.28''в.д. 2.44o21'41.84'' с.ш. 51o22'21.54''в.д.3. 44o21'25.40'' с.ш. 51o22'45.24''в.д.4. 44o21'21.26'' с.ш. 51o22'41.34''в.д.

Слушания состоятся: **9 января 2026 г. в 16:00 ч.** Место проведения общественных слушаний: Мангистауской области, Тупкараганского района, Таушыкский с.о., с.Таушык, ул.Елмуханбет, 6, ГУ «Аппарат акима села Таушык», В случае карантинного режима или ЧП слушания будут проходить в формате видеоконференции посредством ZOOM. Для участия в общественных слушаниях необходимо перейти по ссылке:

https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578

Идентификатор конференции: 301 359 8896

Код доступа: Ys8Chm

Инициатор деятельности: ТОО "Толеш-Мангистау", адрес: 130000, г.Актау, 7 мкр., офис "Евространой", Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403)

Разработчик проекта: ИП Пушинка А.А., г. Актау, 14 мкр., 19 дом, 121 квр., тел. +7 (7755138403).

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz/ и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/

Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно запросить материалы: alenin25@yandex.kz, тел. +7 (7755138403)

Замечания и предложения принимаются по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», г.Актау, 14 мкр, 1 здание; тел : +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, ответственное лицо Базарбай Сабина.

**Акимат с.Таушык**
**16:00 ч.**
**24.11.2025 г.**


АҚПАРАТТЫҚ ТАҚТА
ТАУШЫҚ АУЫЛЫ №6 ТІРЕК ПУНКТІНІҢ
УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЛАРЫ
Акимат с.Таушык
16:00 ч.
24.11.2025 г.


«Таушық ауылы әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесінде көрсетілетін
мемлекеттік қызмет түрлері
АҚПАРАТТЫҚ ТАҚТА
ТАУШЫҚ АУЫЛЫ №6 ТІРЕК ПУНКТІНІҢ
УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЛАРЫ
Акимат с.Таушык
16:00 ч.
24.11.2025 г.

**«Төлеш-Маңғыстау» ЖШС** «2026–2035 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАТАУШЫ[illegible] ҚҰРЫЛЫС ТАСЫ КЕНОРНЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА [illegible]ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ (РШН) ЖОБАСЫ» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Учаскенің географиялық координаттары және Қарамандыбас-6 кенорнының жер ету аумағының географиялық координаттары: 1.44о21'38.24'' с.е. 51о22'17.28''ш.б. 2.44о21'41.84''с.е. 51о22'21.54''ш.б.3. 44о21'25.40'' с.е. 51о22'45.24''ш.б.4. 44о21'21.26''с.е. 51о22'41.34''ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: **2026 жылғы 9 қаңтарда, сағат 16:00-де** өтеді. Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық с.о., Таушық селосы, Елмұханбет көшесі, 6, «Таушық селосы әкімінің аппараты» ММ. Карантин режимі немесе төтенше жағдайлар болған жағдайда тыңдаулар ZOOM арқылы бейнеконференция форматында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтуіңіз қажет:

https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578

Конференция идентификаторы: 301 359 8896,

Қол жеткізу коды: Ys8Chm

Іс-шараның бастамашысы: «Төлеш-Маңғыстау» ЖШС, мекенжайы: 130000, Актау қ., 7 шағынаудан., "Евpострой" офисі, Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403).

Жобаны әзірлеуші: ЖК Пушинка А.А., Актау қаласы, 14-шағын аудан, 19-үй, 121 пәтер, телефон: +7 (7755138403).

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық поштаның мекенжайы мен телефоны: alenin25@yandex.kz, телефон: +7 (7755138403).

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Актау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат; тел.: +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, жауапты тұлға Базарбай Сабина.

**ТОО «Толеш-Мангистау»** уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНОГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.». Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия Месторождения Карамандыбас-6: 1.44о21'38.24'' с.ш. 51о22'17.28''в.д. 2.44о21'41.84'' с.ш. 51о22'21.54''в.д.3. 44о21'25.40'' с.ш. 51о22'45.24''в.д.4. 44о21'21.26'' с.ш. 51о22'41.34''в.д.

Слушания состоятся: **9 января 2026 г. в 16:00 ч.** Место проведения общественных слушаний: Мангистауской области, Тупкараганского района, Таушыкский с.о., с.Таушык, ул.Елмуханбет, 6, ГУ «Аппарат акима села Таушык», В случае карантинного режима или ЧП слушания будут проходить в формате видеоконференции посредством ZOOM. Для участия в общественных слушаниях необходимо перейти по ссылке:

https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578

Идентификатор конференции: 301 359 8896

Код доступа: Ys8Chm

Инициатор деятельности: ТОО "Толеш-Мангистау", адрес: 130000, г.Актау, 7 мкр., офис "Евpострой", Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403)

Разработчик проекта: ИП Пушинка А.А., г. Актау, 14 мкр., 19 дом, 121 квр., тел. +7 (7755138403).

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz/ и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/

Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно запросить материалы: alenin25@yandex.kz, тел. +7 (7755138403)

Замечания и предложения принимаются по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», г.Актау, 14 мкр, 1 здание; тел : +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, ответственное

Акимат с.Таушык
16:00 ч.
24.11.2025 г.

## ТОО «Толеш-Мангистау» ПРОВОДИТ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ ПО:

# *ПРОЕКТА НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНОГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.*

**Основное направление ТОО «Толеш-Мангистау» добыча строительного камня и производство щебня на части месторождения Каратаучик-2, расположенного в Тупкараганском районе Мангистауской области. От с.Таушык 3 км. Месторождение строительного камня Каратаучик-2 имеет в своем составе следующие объекты:**

- **Карьер.**
- **Площадка ДСУ (дробильно-сортировочная установка).**
- **Административно-бытовые помещения.**
- **Внутрикарьерные автодороги.**

## Географическое и административное расположение объекта

Месторождение Каратаучик-2 строительного камня для производства щебня находится в 3 км северо-восточнее пос. Таучик, являющегося и ближайшим к месторождению населенным пунктом, 16-18 км южнее береговой линии Мангышлакского залива. Административно оно расположено в Тупкараганском районе Мангистауской области Республики Казахстан. От районного центра г. Форт-Шевченко месторождение находится на расстоянии 90 км, от областного центра г. Актау - 100 км. От ближайшей ж/д ст. Шетпе оно удаленно на 80 км. В 7,5 км юго-восточнее месторождения проходит автотрасса Актау-Каламкас. Пос. Таушик с районным центром связан автомобильной дорогой без покрытия, с автотрассой Актау-Каламкас и ж/д ст. Шетпе дорогой с покрытием.

**Обзорная карта расположения месторождения Каратаучик-2 представлена на рисунке**



## Срок эксплуатации месторождения 2011-2035 годы.

По поверхности Горный отвод ограничен абсолютными отметками от 110,2 до 137,6 м. По глубине отработки граница Горного отвода соответствует нижнему контуру балансовых запасов и составляет до 40 м.

Постоянные водотоки вблизи месторождения отсутствуют.

Площадь горного отвода всего по месторождению 0,106 км2. Гидрогеологические, горно-геологические и горнотехнические особенности разработки месторождения благоприятные для открытой отработки местным карьером.

Территория свободна от застройки и зеленых насаждений.

ОЗПВ

# Согласно инвентаризации, проведенной на месторождении, было выявлено 10 источников выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, все - неорганизованные :

| № площадки | Наименование площадки | Наименование источника выделения | Наименование источника выброса | Номер источника |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 001 | Месторождение Каратаучик-2 | Буровые работы | Неорганизованный выброс | 6001 |
| | | Взрывные работы | Неорганизованный выброс | 6002 |
| | | Экскаватор (погрузка строительного камня) | Неорганизованный выброс | 6003 |
| | | Автосамосвал (транспортировка строительного камня) | Неорганизованный выброс | 6004 |
| | | Автосамосвал (разгрузка камня) | Неорганизованный выброс | 6005 |
| | | Дробильно-сортировочная установка (ДСУ) | Неорганизованный выброс | 6006 |
| | | Конусные склады фракционного щебня | Неорганизованный выброс | 6007 |
| | | Автосамосвал (погрузка и транспортировка щебня) | Неорганизованный выброс | 6008 |
| | | Сварочный пост | Неорганизованный выброс | 6009 |
| | | Карьерная техника, работающая на дизельном топливе | Неорганизованный выброс | 6010 |
| **Общее количество источников по предприятию:** | | | | **10 шт.** |

**Основными источниками выбросов загрязняющих веществ в атмосферу на месторождении Каратаучик-2 являются буро-взрывные работы, погрузочно-разгрузочные работы, склад хранения щебня.**
**В атмосферу выбрасываются загрязняющие вещества 13 наименований 1 – 4 класса опасности. Основным загрязняющим атмосферу веществом является пыль неорганическая.**
**Основной проектный документ, согласно которому ведется разработка месторождения Каратаучик-2, является «Проект промышленной разработки строительного камня месторождения Каратаучик-2 в Тупкараганском районе Мангистауской области». Технологические показатели разработки месторождения Каратучик-2 на 2026-2035 года представлены в таблице**

## Таблица 1 – Технологические показатели разработки месторождения Каратаучик-2 на 2026-2035 гг.

| Наименование процесса | Ед. изм. | По годам | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2026-2027 | 2028-2029 | 2030-2031 | 2032-2035 |
| Добыча строительного камня | тыс.м3 | 120,0 | 150,0 | 170,0 | 200,0 |

## На период 2026 – 2035 года добыча строительного камня и производство щебня будет продолжена в существующем режиме, только с увеличением объема добычи.

# ОБЪЕМЫ Выбросов загрязняющих веществ, которые включены в НДВ составляют:

- 2026 год – 18.467121 г/с, 12.23653 т/год.
- 2027 год – 18.467121 г/с, 12.23653 т/год.
- 2028 год – 19.1140413 г/с, 14.17209 т/год.
- 2029 год – 19.1140413 г/с, 14.17209 т/год.
- 2030 год – 19.5437913 г/с, 15.53597 т/год.
- 2031 год – 19.5437913 г/с, 15.53597 т/год.
- 2032 год – 20.1315013 г/с, 16.06751 т/год.
- 2033 год – 20.1315013 г/с, 16.06751 т/год.
- 2034 год – 20.1315013 г/с, 16.06751 т/год.
- 2035 год – 20.1315013 г/с, 16.06751 т/год.

Основным загрязняющим веществом при эксплуатации месторождения является пыль.

Воздействие на атмосферный воздух кратковременное и не имеет продолжительных последствий. Основным источником выбросов загрязняющих веществ являются взрывные работы. Буровзрывные работы будут проводиться по подряду специализированным предприятием ТОО «Промвзрыв». Организация буровых работ должна обеспечивать максимальную их эффектность и взаимосвязь бурения с другими процессами на карьере. Разрешение на взрывные работы имеется.

Максимальное количество взрывных работ 1 раз в 3 месяца по необходимости. Выбросы являются максимально-разовыми без накопительного эффекта в атмосферном воздухе. При результатах рассеивания выбросы не заходят за санитарно-защитную зону. Также ежеквартально проводится мониторинг атмосферного воздуха-лабораторные исследования, где указано, что концентрация загрязняющих веществ не превышает предельно-допустимую концентрацию в атмосферном воздухе (протоколы имеются).

Пылеподавление будет проводиться орошением водой при всех видах работ на карьере поливомоечной машиной типа КАМАЗ или погрузчик при помощи бочек. Имеется план проведения пылеподавляющих мероприятий по орошению забоя, отвалов, дорог внутрипромысловых, рабочей площадки ДСУ.

Разработка нормативов ПДВ позволит регламентировать и контролировать выбросы ЗВ, не превышающие утвержденные лимиты.

На период эксплуатации мероприятия сводятся к своевременному проведению планово-предупредительных и профилактических ремонтов оборудования.

Применяемое оборудование и технология отвечают современному техническому уровню в соответствии с требованиями в области охраны окружающей среды.

# Нормативы накопления отходов производства и потребления, установленные для ТОО «Толеш-Мангистау» на 2026-2035 гг.:

| Наименование отходов | Объем накопленных отходов на существующее положение, тонн/год | Лимит накопления, тонн/год |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | **2026-2035 г.** |
| **Всего** | | **-** |
| *в т. ч. отходов производства* | - | *1,517* |
| *отходов потребления* | - | *0,75* |
| Опасные отходы | | |
| Промасленная ветошь | - | 0,047 |
| Отработанные масла | - | 0,22 |
| Неопасные отходы | | |
| Металлолом | - | 1,25 |
| Смешанные коммунальные отходы | - | 0,75 |
| Зеркальные | | |
| - | - | - |

# Для снижения воздействия на окружающую среду отходов производства и потребления на предприятии предусматриваются следующие эффективные меры:

- обеспечение сбора, хранения и удаления отходов в соответствии с требованиями охраны окружающей среды: размещение отходов только на специально предназначенных для этого площадках и емкостях;
- разделение несовместимых отходов; недопущение смешивания опасных отходов;
- осуществление транспортировки отходов с использованием специальных транспортных средств, оборудованных для данной цели;
- составление паспортов отходов;
- максимально возможное снижение объемов образования отходов за счет рационального использования сырья и материалов, используемых в производстве;
- принятие мер предосторожности и проведение ежедневных профилактические работ в целях исключения утечек и проливов жидкого сырья и топлива;
- повторное использование отходов производства;
- заключение контрактов со специализированным предприятием на утилизацию отходов производства и потребления.

**СПАСИБО ЗА ВНИМАНИЕ!**

**«Төлеш-Маңғыстау» ЖШС**
**КЕЛЕСІДЕЙ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕДІ:**

# 2026–2035 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАТАУШЫҚ-2 ҚҰРЫЛЫС ТАСЫ КЕНОРНЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ (РШН) ЖОБАСЫ

**«Төлеш-Маңғыстау» ЖШС-ның негізгі бағыты - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданында Таушық ауылынан 3 км қашықтықта орналасқан Қаратаушық-2 кенорны бөлігінде құрылыс тасы мен қиыршықтасты өндіру.**
**Қаратаушық-2 құрылыс тасы кенорнының құрамында келесі объектілер бар:**
**Карьер.**
**ҰСҚ алаңы (ұсақтап сұрыптайтын қондырғы).**
**Әкімшілік тұрмыстық орынжайлар.**
**Карьерішілік автожолдар**

# ОБЪЕКТІНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ТҰРҒЫДАН ОРНАЛАСУЫ

Қиыршық тас өндіруге арналған «Қаратаушық-2» құрылыс тасы кенорны Таушық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км жерде шоғырланған. Бұл елді мекен кенорынға ең жақын елді мекен болып табылады. Кенорын Маңғышлак шығанағының жағалау сызығынан оңтүстікке қарай 16–18 км жерде жайғасқан. Әкімшілік тұрғыдан Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданында орналасқан. Кенорын аудан орталығы — Форт-Шевченко қаласынан 90 км және облыс орталығы — Ақтау қаласынан 100 км қашықтықта орналасқан. Ең жақын Шетпе теміржол станциясынан 80 км қашықта тұр. Кенорыннан 7,5 км оңтүстік-шығысқа қарай Ақтау-Қаламқас автожолы өтеді. Таушық ауылын аудан орталығымен автомобильдер жүріп өтетін топырақ жолы байланыстарды,ал Ақтау-Қаламқас автожолымен және Шетпе теміржол станциясымен оны асфальт жабылған жол байланыстырады. Ақтау–Қаламқас автотрассасы жақсартылған асфальт жабылған жол болып табылады. Оның бойымен мұнай құбыры және екі ШЖ (шығу желісі) өтеді.

**Қаратаушық-2 кенорнының орналасуының шолу картасы осы суретте ұсынылған**



## Кенорынды пайдалану мерзімі 2011-2035 жылдар.

Жоғарғы беті бойынша Тау-кен телімі 110,2 - 137,6 м аралығындағы абсолютті деңгей белгілермен шектелген. Өндіру тереңдігі бойынша Тау-кен телімінің шекарасы баланстық қорлардың төменгі контурымен сәйкес келеді және 40 м.дейін құрайды.

Кенорынға жақын тұрақты су ағымдары жоқ.

**Кенорын бойынша барлық тау-кен телімінің алаңы 0,106 км2.** Кенорынды игерудің гидрогеологиялық, геологиялық және тау-кен техникалық ерекшеліктері жергілікті карьер арқылы ашық өндіру үшін қолайлы келеді

Аумақта құрылыс салынбаған және жасыл желектер жоқ.

ОЗПВ

# Кенорында жүргізілген түгендеу жұмыстарына сай атмосфераға ластаушы заттардың 10 шығарынды көзі анықталды, барлығы - ұйымдастырылмаған.

| Алаң № | Алаң атауы | Зиянды заттардың бөліну көзінің атауы | Шығарынды көзінің атауы | Шығарынды көзінің нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 001 | Қаратаушық-2 кенорны | Бұрғылау жұмыстары | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6001 |
| | | Жару жұмыстары | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6002 |
| | | Экскаватор (құрылыс тасын тиеу) | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6003 |
| | | Автотүсіргіш (құрылыс тасын тасымалдау) | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6004 |
| | | Автотүсіргіш (құрылыс тасын түсіру) | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6005 |
| | | Ұсақтап сұрыптайтын қондырғы (ҰСҚ) | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6006 |
| | | Фракциялық қиыршықтастың конусты қоймалары | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6007 |
| | | Автотүсіргіш (қиыршықтасты тиеу және түсіру) | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6008 |
| | | Дәнекерлеу орны | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6009 |
| | | Дизель отынымен жүретін карьер техникасы | Ұйымдастырылмаған шығарынды | 6010 |
| **Кәсіпорын бойынша шығарынды көздердің жалпы саны:** | | | | **10 дана** |

**жұмыстары, жүктеу-тиеу жұмыстары, қиыршықтасты сақтау қоймасы. Атмосфераға 1-4 қауіптілік класындағы ластаушы заттардың 13 атауы шығарылады. Атмосфераны ластайтын негізгі зат – бұл бейорганикалық тозаң.**

**Қаратаушық-2 кенорнын игеру жұмыстары жүргізілетін негізгі жобалық құжат – бұл «Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Қаратаушық-2 кенорнының құрылыс тасын өнеркәсіптік игеру жобасы» болып табылады. 2026-2035 жылдарға арналған Қаратаушық-2 кенорнын игерудің технологиялық көрсеткіштері кестеде ұсынылды.**

## 1-кесте – 2026-2035 жж. арналған Қаратаушық-2 кенорнын игерудің технологиялық көрсеткіштері

| **Үдеріс атауы** | **Өлшем бірлігі** | **Жылдар бойынша** | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2026-2027** | **2028-2029** | **2030-2031** | **2032-2035** |
| Құрылыс тас өндіру | мың м3 | 120,0 | 150,0 | 170,0 | 200,0 |

2026-2035 жылдар кезеңінде құрылыс тасы мен қиыршықтасты өндіру жұмыстары қолданыстағы режімде жалғасады, тек өндіру көлемі арттырылады.

# Рұқсат етілген шығарындылар нормативіне енгізілген ластаушы зат шығарындыларының КӨЛЕМІ төмендегіні құрайды:

- 2026 жыл– 18.467121 г/с, 12.23653 т/жыл
- 2027 жыл– 18.467121 г/с, 12.23653 т/жыл
- 2028 жыл– 19.1140413 г/с, 14.17209 т/жыл
- 2029 жыл– 19.1140413 г/с, 14.17209 т/жыл
- 2030 жыл– 19.5437913 г/с, 15.53597 т/жыл
- 2031 жыл– 19.5437913 г/с, 15.53597 т/жыл
- 2032 жыл– 20.1315013 г/с, 16.06751 т/жыл
- 2033 жыл– 20.1315013 г/с, 16.06751 т/жыл
- 2034 жыл– 20.1315013 г/с, 16.06751 т/жыл
- 2035 жыл– 20.1315013 г/с, 16.06751 т/жыл

**Кенорынды пайдалану кезіндегі негізгі ластаушы зат-бұл шаң-тозаң.**

**Атмосфералық ауаға әсері қысқа және ұзақ салдары жоқ. Ластаушы зат шығарындыларының негізгі көздері бұрғылау жұмыстары болып табылады. Бұрғылау-жару жұмыстарын «Промвзрыв» ЖШС мамандандырылған кәсіпорны мердігерлік негізде жүргізіледі. Бұрғылау жұмыстарын ұйымдастыру олардың ең жоғарғы тиімділігін және карьерде бұрғылау жұмыстарының басқа үдерістермен өзара байланысын қамтамасыз етуі тиіс. Жарылыс жұмыстарына рұқсат бар.**

**Жарылыс жұмыстарын ең көп дегенде 3 айда бір рет қажеттілігі қарай жүргізеді. Шығарындылар - бұл атмосфералық ауада жинақталатын әсері жоқ, ең жоғары бір реттік болып табылады. Шашырау нәтижелері бойынша шығарындылар санитарлық-қорғау аймағынан тыс кетпейді. Сондай-ақ тоқсан сайын атмосфералық ауаның мониторингі-зертханалық зерттеулер жүргізіледі, мұнда ластаушы заттардың концентрациясы атмосфералық ауада рұқсат етілген шекті концентрациядан аспайды деп көрсетілген (хаттамалары бар).**

**Карьердегі барлық жұмыс түрлерінде шаң-тозаңды КАМАЗ типті суаратын машинамен немесе су бөшкелері орнатылған жүк тиегіштің көмегімен су себу арқылы басады. Қазба маңын, үйінділерді, ішкіөндірістік жолдарды және ҰСҚ (Ұсақтап сұрыптайтын қондырғының) жұмыс алаңын суландыру бойынша шаңды басу іс-шараларының жоспары бар.**

**Рұқсат етілген шекті шығарындылар нормативтерін әзірлеу - бекітілген лимиттерден аспайтын ластаушы зат шығарындыларын регламенттеуге және бақылауға мүмкіндік береді.**

**Пайдалану кезеңіндегі іс-шаралар жабдықтарға жоспарлы алдын алу және профилактикалық жөндеулерді уақытында жүргізуге негізделген.**

**Қолданылатын жабдықтар мен технология қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес заманауи техникалық деңгейге сай келеді.**

# «Төлеш-Маңғыстау» ЖШС үшін белгіленген өндіріс және тұтыну қалдықтарының жиналу нормативтері:

| Қалдық атауы | Қазіргі жағдайда жиналған қалдық көлемі тонна/жылына | Жиналу лимиті, тонна/жылына |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | **2026-2035 ж.** |
| **Барлығы** | | **-** |
| *соның ішінде өндіріс қалдықтары* | - | *1,517* |
| *Тұтыну қалдықтары* | - | *0,75* |
| Қауіпті қалдықтар | | |
| Майланған шүберектер | - | 0,047 |
| Пайдаланылған майлар | - | 0,22 |
| Қауіпті емес қалдықтар | | |
| Металл сынықтары | - | 1,25 |
| Аралас коммуналдық қалдықтар | - | 0,75 |
| Айналы | | |
| - | - | - |

# Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін азайту үшін кәсіпорында келесі тиімді шаралар көзделеді:

- қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес қалдықтарды жинау, сақтау және жою; қалдықтарды арнайы белгіленген алаңдар мен ыдыстарға ғана салу;

- үйлеспейтін қалдықтарды бөлу; қауіпті қалдықтарды араластырмау;

- аталмыш мақсатқа арнайы жабдықталған арнайы көлік құралдарын пайдалана отырып, қалдықтарды тасымалдау;

- қалдықтардың паспорттарын әзірлеу;

- өндірісте қолданылатын шикізат пен материалдарды ұтымды пайдалану арқылы қалдықтардың пайда болатын көлемін мүмкіндігінше азайту;

- сұйық шикізат пен жанармайдың төгілуі мен ағуын болдырмау мақсатында сақтық шараларын қабылдау және күнделікті профилактикалық жұмыстарды жүргізу;

- өндірістік қалдықтарды қайта пайдалану;

- өндірістік және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату үшін мамандандырылған кәсіпорындармен келісімшарттар жасасу.

НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗ

ҮШІН РАҚМЕТ!